

8 - лекция

Міндеттемелер есебі

Дәріс мақсаты

- ▶ Ұйымның міндеттемелерінің жіктелуі мен оның бухгалтерлік есебінің жүргізілуін меңгеру.

Дәріс сұрақтары

- ▶ Міндеттемелер анықтамасы, олардың жіктелуі..
- ▶ Несиелер бойынша міндеттемелер есебі.
- ▶ Жабдықтаушылар мен мердігерлермен есеп айырысу.
- ▶ Еңбек және еңбекке ақы төлеу есебінің ұйымдастырылуы мен жүргізілуі.

Міндеттеме

- ▶ дара кәсіпкердің немесе ұйымның өткен оқиғалардан туындайтын мойнында тұрған міндеті, оны реттеу экономикалық пайданы қамтитын ресурстардың шығып қалуына әкеп соғады.

Міндеттеме жіктемесі

- ▶ Мерзіміне сәйкес: қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді;
- ▶ Сомасының анықталуына байланысты: шартты және нақты.

Бухгалтерлік баланстағы міндеттемелер жіктемесі

- ▶ Қысқа және ұзақ мерзімді займдар
- ▶ Қысқа және ұзақ мерзімді туынды қаржылық құралдар
- ▶ Басқада қысқа және ұзақ мерзімді қаржылық міндеттемелер
- ▶ Қысқа және ұзақ мерзімді саудалық және басқада кредиторлық берешек
- ▶ Қысқа және ұзақ мерзімді резервтер
- ▶ Табыс салығы бойынша ағымды салықтық міндеттеме
- ▶ Жұмыскерлерге сыйақы
- ▶ Кейінге қалдырылған салықтық міндеттемелер
- ▶ Басқада қысқа және ұзақ мерзімді міндеттемелер

Міндеттемелерді анықтау белгілері

- ▶ - міндеттеме осы уақытта немесе өткен кезеңдердің нәтижесінде пайда болуы мүмкін, мысалы: сатып алынған тауарлар;
- ▶ - міндеттеме кредиторлық берешек ретінде пайда болуы мүмкін, егер олар болашақта шаруашылық байланысты сақтау қажеттілігі туындайтын болса;
- ▶ - міндеттеме қайтарылуы мүмкін, бірақ ол нақты бағалауды білдірмейді, өйткені болашақ төлемдер ықтималдылық теориясына сәйкес;
- ▶ - міндеттеменің орындалуы мерзімі нақты болмаса да, анықталған болуы керек; ол ұзартылуы мүмкін.

Бухгалтерлік есепте міндеттемелер бойынша көрсетіледі

- ▶ Міндеттемелердің пайда болуы;
- ▶ Міндеттемелерді бағалау;
- ▶ Міндеттемелерді жіктеу.

Міндеттемелерді реттеу әртүрлі әдістермен жүргізіліу мүмкін:

- ▶ ақша қаражаттарын төлеу;
- ▶ басқа активтерді беру;
- ▶ қызмет көрсету;
- ▶ бір міндеттемені екішісімен ауыстыру;
- ▶ міндеттемелерді капиталға ауыстыру.

Несиелер бойынша міндеттемелер есебі

- ▶ *Несие* - бір заңды тұлғаның екінші бір заңды тұлғаға немесе жеке адамның заңды тұлғаға әдетте келісілген мөлшерде пайыз алу үшін белгілі бір уақытқа заттай немесе ақшалай уақытша қаржы беруге байланысты пайда болатын экономикалық қарым-қатынас жүйесі болып табылады.
- ▶ Нарықтық экономика жағдайында несие коммерциялық және банктік болып екіге бөлінеді.
- ▶ *Коммерциялық несие* - бір субъектінің екінші бір субъектіге сатқан тауарының құнынан алынатын төлемнің кейінге қалдырылуына байланысты туындайды.
- ▶ *Банк несиесі* - субъектіге ақша қаражаты түрінде өндірісін ұлғайтуға, ағымдағы қызметтерге байланысты қарыздарын төлеу үшін беріледі.
- ▶ Берілетін уақыт аралығына байланысты банк несиесі қысқа мерзімді (бір жылға дейінгі уақыт) және ұзақ мерзімді (бір жылдан артық уақыт) болып екіге бөлінеді.
- ▶ Несиенің объективті қажеттілігі - бұл, субъектінің өндірістік және сауда айналымы капиталының жетіспеушілігінен туындайды.

- ▶ Банкке несие алу үшін бірінші рет барған кәсіпорын өзінің жарғысын, ұйымдастыру құжаттарының көшірмесін, ережелерді, жалға алу келісімдерін, тіркеу куәлігін және клиенттің кредит алу құқығының барлығын растайтын құжаттар ұсынады.
- ▶ Қарыз алушыға несие жасалынған несие шартына сай беріледі. Бұл келісімде кредиттің мақсаты, мөлшері және мерзімі, құжаттар тізімі және олардың банкке ұсынылу мерзімділігі, кредиттің мақсатты пайдаланылуын және қамсыздандырылуын тексеру нысандары, несие бойынша қарыздарды өтеудің есебіне кепілге салынған мүліктерді өткізудің рәсімдері, қамсыздандыруды тексеру үшін банкке ұсынылатын ақпараттардың мазмұны көзделді.
- ▶ Қысқа мерзімді кредит әдетте 12 айдан аспайтын мерзімге кредиттелетін материалдық құндылықтардың айналымдылығына және шыққан шығынның өзін-өзі ақтауына негізделіп беріледі.

- ▶ Алынған несиелерді есепке алу 3010 «Қысқа мерзімді банк займдары», 3020 «Алынған қысқа мерзімді займдар», 4010 «Ұзақ мерзімді банктік займдар», 4020 «Ұзақ мерзімді алынған займдар» пассивті шоттарында жүргізіледі. Бұл шоттардың кредиті бойынша банк және басқа мекемелер алдындағы несиелер бойынша қарыздардың қалдығы және алынған несиелер сомалары, ал дебеті бойынша несиелердің қайтарылуы, яғни қарыздардың азайтылуы көрсетіледі.

Несиелер есебі бойынша шоттар корреспонденциясының кестесі

№	Шаруашылық операция мазмұны	Дебет	Кредит
1.	Несиелер ағымдағы банктік шотқа түсті	1030	3010, 3020, 4010, 4020
2.	Несиелер есебінен жабдықтаушы шоты төленді	3310	3010, 3020, 4010, 4020
3.	Ағымдағы банктік шоттан несие қайтарылды	3010, 3020, 4010, 4020	1030
4.	Займдарды пайдаланғаны үшін пайыздарды есептеу	7310	3380, 4160
5.	Пайыздарды төлеу	3380, 4160	1030

Салықтар, басқада міндетті және ерікті төлемдер бойынша есеп айырысулардың есебі

- ▶ Ұйымдар бюджетпен төлемдердің әр түрлері бойынша есеп айырысулар жасайды: заңды және жеке тұлғалардан табыс салығы, ҚҚС, акциздер, жер салығы, және т. б.
- ▶ Бюджетпен есеп айырысулардың есебі 3100 «Салықтар бойынша міндеттемелер» бөлімшенің келесідей шоттарында жүргізіледі:
- ▶ 3110 - «Төленуге жататын корпоративтік табыс салығы»;
- ▶ 3120 - «Жеке табыс салығы»;
- ▶ 3130 - «Қосылған құн салығы»;
- ▶ 3140 - «Акциздер»;
- ▶ 3150 - «Әлеуметтік салық»;
- ▶ 3160 - «Жер салығы»;
- ▶ 3170 - «Көлік құралдарына салық»;
- ▶ 3180 - «Мүлік салығы»;
- ▶ 3190 - «Басқа да салықтар».

- ▶ Шоттардың кредиті бойынша төленетін салықтар бойынша бюджетке кредиторлық қарыздар жөнінде ақпараттарды және енгізілуге тиісті сомаларды , яғни есеп беру айында есептелгендерін, ал дебет бойынша есепке жатқызылуға тиісті сомаларды немесе іс жүзінде бюджетке аударылған сомаларды көрсетеді.
- ▶ 3110 “Корпоративтік табыс салығы” шоты заңды тұлғалардан есептелген және аударылған табыс салығы сомаларын көрсетуге арналған. Шегерімдер мен жеңілдіктерді алып тасталған жылдық жиынтық табыс салық салу объектісі болып табылады. 3110 шоттың кредиті бойынша жыл соңында анықталатын, бюджетке енгізілуге тиіс табыс салығының сомалары 7710 «Корпоративтік табыс салығы бойынша шығындар» шотымен корреспонденциясында көрсетіледі. 3110 шоттың дебеті бойынша бюджетке аударылған аванстық төлемдер сомалары, ақша қаражаттарын есептеу (1010, 1030) шоттармен корреспонденциясында көрсетіледі. Кейінге қалдырылған салықтық міндеттемелер 4310 шотта есепке алынады.
- ▶ Бюджетке аударылатын жеке табыс салығының сомасына 3120 «Жеке табыс салығы» шот кредиттеледі және 3350 және басқа шоттар дебеттеледі.

- ▶ 3130 - «Қосылған құн салығы» шоты бюджетпен қосылған құнға салық бойынша есеп айырысулар жөніндегі операцияларды көрсетуге арналған. Қосылған құн салығы жанама салықтарға жатады және тауарлар, жұмыстар, қызметтердің өндіру және айналым процесінде қосылған құнның өсімшесінің бөлігін бюджетке алу түрі болып табылады.
- ▶ Акциздік салық - сатып алушы төлейтін тауардың бағасына немесе тарифіне қосылатын жанама салық болып табылады.

Шаруашылық операция мазмұны	Дебет	Кредит
Жабдықтаушының шоты төлемге қабылданды:		
Шикізаттар мен материалдар құнына	1310	3310, 4110
ҚҚС сомасына	1420	3310, 4110
ҚҚС сомасы есепке жазылды	3130	1420
Ағымдағы банктік шоттан жабдықтаушы шоты төленді	3310, 4110	1030
Сатып алушыға өткізілген өнім немесе тауарлар үшін шот көрсетілді	1210, 2110	6010
ҚҚС сомасы және акциздер есептелді	1210, 2110	3310, 4110
Алынған ҚҚС және төленген ҚҚС және акциздер арасындағы айырма ағымдағы банктік шоттан төленді	3130	1030

Жабдықтаушылар мен мердігерлермен есеп айырысу

- ▶ Келісім -шарт;
- ▶ Контракт;
- ▶ Шот-фактура;
- ▶ Орындалған жұмыс актісі;
- ▶ Кіріс ордері;
- ▶ Жүк құжаттар (накладнойлар).

Еңбек және еңбекке ақы төлеу есебі

- ▶ Жұмысқа қабылдау туралы бұйрық;
- ▶ Контракт;
- ▶ Жеке парағы;
- ▶ Жұмыс уақытының табелі;
- ▶ Кесімді жұмыс наряды;
- ▶ Есептеу-төлеу ведомосі.

Еңбек ақыдан міндетті ұсталымдар

- ▶ Зейнет ақы қорына - 10 %;
- ▶ Жеке табыс салығы - 10 %;
- ▶ Кәсіпорынның ішкі талаптарына сәйкес - мөлшері есеп саясатында немесе басқада ішкі құжаттарда көрсетіледі.

Зейнетақы қорына ұсталу тәртібі

- ▶ Есептелінген еңбек ақыдан 10 пайыз мөлшерінде;
- ▶ Мысалы: Есепті кезеңде менеджерге 85000 тг негізгі еңбекақысы, 25000 тг пайыздық үстеме, 20000 тг мерекеге қарсы сый ақы есептелінді:
- ▶ Зейнетақы қорына ұсталым сомасы =
- ▶ $85000 + 25000 + 20000 = 130000$ тг * 10% =
13000 тг

Жеке табыс салығын есептеу

- ▶ Мысалы: Есепті кезеңде менеджерге 85000 тг негізгі еңбекақысы, 25000 тг пайыздық үстеме, 20000 тг мерекеге қарсы сый ақы есептелінді:
- ▶ Есептелінген жеке табыс салығы =
- ▶ $85000 + 25000 + 20000 = 130000$ тг - 13000 тг (зейнетақы қорына аударым) - 28284 тг (минималды еңбекақы мөлшері) = $88716 * 10 \% = \underline{\underline{8871,6}}$ тг